

## Еріктілер марапатталды

2020 жылғы 30 қарашада Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президент күнін мерекелеуге орай Қостанай станциясындағы ЖПБ-де еріктілерді салтанаты түрде марапаттауы өтті.



Қостанай станциясындағы ЖПБ бастығы полиция Исин Адильжан Бакытжанұлы полицияның қоғамдық көмекшілерін: Пресный Алексей Александровичті, Қадырбеков Бағлан Ақбасұлын, сондай-ақ, «Еріктілер лигасы» Қоғамдық филиалының еріктілері Абиляпанова Жаняна Галимжанқызын, Серікбаев Аділхан Дулатұлын Қостанай ст. ЖПБ қызмет көрсету учаскесінде құқық бұзушылықтарды алдын алу және қоғамдық тәртіпті сақтауға белсенді қатысқаны, сондай-ақ, елімізде төтенше жағдай уақытында және облысымыздағы карантин кезінде көмек көрсеткені үшін алғысын білдіріп, әрі қарай әрекеттестікте болуына сәттілік тіледі.

Қостанай ст. ЖПБ

## Карантинге қарамастан той өткізетіндер азаймай тұр

Коронавирус індетінің таралуын болдырмау мақсатында өңірде мониторинг топтардың жұмысы қайта күшеймек. Шектеу шаралары эпидемиологиялық жағдай тұрақталған кезде ғана жеңілдейді. Бұл туралы облыс әкімдігі жанынан құрылған өңірлік штабтың отырысында мәлім болды.

Өңірлік штабтың отырысында қалалар мен аудандардағы эпидемиологиялық ахуал баяндалды. Коронавирус індетіне шалдыққандардың дені - Қостанай қаласының тұрғындары. Сондықтан облыс орталығындағы рейд шаралары әзір тоқтамайды. Алайда карантин талаптарын бұзу деректері де азаймай отыр. Қостанайлықтар шектеу шараларына қарамастан той өткізіп, отбасылық отырыстар жасап келеді.

Өткен бір аптаның өзінде карантин режимін бұзудың жүздеген дерегі анықталды. Бұған қоса таксилердің арасында да шектеудің бұзылуы тыйылар емес. Бас дәрігердің қаулысын елемей түнде жолаушы тасымалымен айналысқан 38 такси жүргізушісі анықталды.

«Облыста бір аптада 700-ге жуық рейд өткізіліп, карантин талабы 405 мәрте бұзылғандығы анықталды. Наурызым, Амангелді, Қамысты аудандарында мониторинг топтардың жұмысы жеткіліксіз ұйымдастырылған. Ережені ескермей, отбасылық мереке жасаудың 4 дерегі Қостанай қаласында тіркелсе, Жангелдин ауданында – 2, Әулікөл, Қостанай, Мемдіқара аудандарында - 1 факті анықталды. Бейімбет Майлин ауданындағы мониторинг тобы Новоильинов ауылында ас беру рәсімінің үстінен түсті. Отбасылық іс-шараға 15 адам қатысқан, қонақтардың біразы Лисаков қаласынан арнайы келген», делінген Өңірлік штаб ақпаратында.

Осыған байланысты облыстың аудан-қалаларындағы мониторинг топтардың жұмысы қайта күшеймек. Шектеу шаралары эпидемиологиялық жағдай тұрақталған кезде ғана жеңілдейді. Көпшілік жиналатын орындар және автобус аялдамаларында қауіпсіздік шараларын сақтау ережелері жазылған жадынамалар ілінеді. Айта кетейік, қазіргі уақытта облыста науқастарды емдеу ісіне 19 стационар жұмылдырылып, онда 967 төсек-орын әзірленген. Қажеттілік туындаған жағдайда төсек-орын саны 3 мыңға жетеді.

Облыс аумағында қатаңдатылған карантиндік шектеулер 7 желтоқсанға дейін ұзартылды. Ал одан кейінгі жағдайға байланысты.

## Еліміз бойынша азаматтарды онлайн қабылдау ұйымдастырылды

Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың басшылығымен барлық өңірлік бөлімдерде азаматтарды қабылдау жүргізілді. Бұл туралы ҚазАқпарат ІІМ сілтеме жасап хабарлайды.

Аталған іс-шара ел тұрғындары тап болған мәселелерді шешуге және ішкі істер органдарының қызметі бойынша тұрғындарға әртүрлі кеңестер беруге бағытталған.

«Азаматтардың қауіпсіздігіне, олардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға байланысты проблемалық мәселелер барлық деңгейлерде шұғыл шешуді талап етеді. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда. Эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, біз заманауи технологияларды пайдалану арқылы ведомствоның барлық басшылығы және оның аумақтық бөлімшелерінің, оның ішінде аудандық полиция бөлімдері мен ҚАЖ мекемелері басшыларының қатысуымен онлайн режимде азаматтарды қабылдауды жүргізуді бастадық», - деп атап өтті Ерлан Тұрғымбаев.

Тіркелушілердің бәрін қабылдап үлгеру үшін министрмен бірге оның орынбасарлары және ІІМ-нің өңірлік құрылымдардың басшылары да қабылдау жүргізді. Жалпы алғанда, Министрлік басшылығы бірнеше сағат ішінде 70-ке жуық адамды қабылдады.

Келіп түскен барлық өтініштерге байланысты Ерлан Тұрғымбаев тиісті қызмет басшыларына нақты тапсырмалар берді. Қосымша зерттеуді қажет ететін материалдарды министр жеке бақылауға алды. Бұл материалдар бойынша



тиісті ден қою шаралары қабылданып, тексерулер жүргізілетін болады.

«Министрлік «халықпен кері байланыс» орнату бойынша барлық шараларды қабылдауда. Сонымен қатар, қабылдауға жазылғандардың саны жергілікті жерлердегі халықтың барлық проблемалары құқықтық шешімін таппай отырғанын көрсетеді. Мемлекет басшысының Жолдауда айтылған тапсырмасын орындау аясында және «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы іске асыру барысында бірде-бір өтініш пен арыз назардан тыс қалмауға және ден қойылуға тиіс. Бүгін біз тұрғындардан келіп түскен өтініштер мен арыздарды қарау бойынша жұмысын саралаймыз, бұл бағытта біздің бөлімшелердің басшыларына тиісті баға берілетін болады», - деп нақтылады ІІМ басшысы.

Азаматтарды қабылдау өңірлерде де өтті. Облыстық, қалалық және аудандық аумақтық полиция органдары мен қылмыстық-атқару жүйесінің басшылары және олардың орынбасарлары 500-ден астам адамды қабылдады.

Мәселен, азаматтарды қабылдаудың бірыңғай күні Қостанай облысы полиция департаменті аумақтық бөлімшелерінің басшылығына түрлі мәселелер бойынша 100-ден астам азамат жүгінді.

«Zoom» платформасында онлайн форматта өткен кездесуде 100-ден астам мәселе қозғалды. Олардың дені қылмыстық істерді тергеу және қоғамдық қауіпсіздікке қатысты болды.

«Мемлекет басшысының бастамасымен жасалған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру аясында халықпен кері байланысты қамтамасыз етудің маңызы зор. Құқықтық тәртіп ісі азаматтардың қорғамдағы мәселелерге қатысуына тікелей байланысты және полиция жұмысының форматын өзгертеді. Соның бірі мысалы осындай қоғамдық қабылдау күні саналады», - деп атап өтті Қостанай облысы ПД бастығы Бекет Аймағамбетов.

Қостанай облысының бас полицейі 20 азаматты онлайн қабылдады. Олар жол-көлік оқиғаларын, алаяқтықты және басқа да қылмыстық істерді тергеуге қатысты сауалдарын жолдап, тұщымды жауап алды.

Онлайн желі арқылы Қарабалық аудандық полиция бөлімінің бастығы Нұржан Ахметовке жергілікті тұрғын Сергей Дядик жүгінді. Ол осы жылдың шілде айында оның үйінен ұялы телефон ұрланғанын айтты. Қараша айында полиция ұрланған затты тауып берген.

«Мен полицияға ұрлық туралы арыз жаздым. Полицейлер менің телефонымды Қостанай қаласының тұрғындарынан ұрланған заттардың базасына енгізілген код арқылы тапқандарын айтты», - деді С.Дядик.

Ғанижамал Отарбаева Денисов ауданының полициясына жүгінді. Полицейлер ағымдағы жылдың қазан айында табыннан жоғалып кеткен атты ауыл тұрғынына тауып берді. Учаскелік инспекторлар Бағдат Кенешов пен жедел уәкіл Медет Ыбыраев көршілес Красноармейка кентінде жүргізілген іздестіру іс-шараларының нәтижесінде жылқыны тауып, иесіне қайтарды. Тұрғын тәртіп сақшыларына алғыс айтты.

Адвокат Сәмет Саламатов екі адам зардап шеккен жол-көлік оқиғасын тергеушілерге шағымданып келді. Ол тергеу әрекеттері толық көлемде жүргізілген жоқ деп санайды. Бұл мәселені Бекет Аймағамбетов бақылауда ұстауға уәде етті.

«Кездесуде көтерілген барлық мәселені ерекше назарға аламын. Қазіргі уақытта барлық қылмыстық істердің жартысынан астамы электрондық форматта тергелуде, бұл процестің ашықтығын қамтамасыз етеді. Сондықтан «бармақ басты, көз қыстылыққа» жол берілмейді», - деді Бекет Аймағамбетов.

## Тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысында қаралды

Өткен жұмада, 27 қарашада Қостанай облыстық мәслихатының тұрақты комиссияларының жоспардан тыс бірлескен отырысы болып өтті.

Азаматтардың көптеген өтініштеріне байланысты өткен отырыста «Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң жобасы және оған ілесіп: отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері және баланың құқықтарын қорғау бойынша заңдар талқыланды.

Карантиндік шаралардың жалғасуына байланысты комиссия отырысы ZOOM режимінде өткізілді.

Комиссия жұмысына: Қостанай облыстық мәслихаты тұрақты комиссияларының төрағалары мен мүшелері, Қостанай облыстық мәслихаты аппаратының өкілдері, адвокаттар алқасының, ювеналды соттың, ҰЕҰ, жергілікті полиция қызметінің, қорғаншылық органдарының, азаматтық қоғамның өкілдері, психологтар қатысты.

Өз сөзінде отырыстың төрайымы, Қостанай облыстық мәслихатының жастармен, үкіметтік емес ұйымдармен және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрайымы Г.А. Капенова Заң жобасын 2019 жылғы қазанда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен Сенаты депутаттарының тобы

әзірлегенін және қазіргі уақытта бұл Заң жобасын депутаттар, мемлекеттік органдар өкілдері мен сарапшылар, азаматтық белсенділер онлайн-режимде белсенді талқылап жатқанын атап өтті. Оның айналасында көптеген пікірталастар бар. Сондықтан осы Заң жобасының негізгі аспектілерін талқылау және жаңа заңнамалық бастамаларды қалыптастыру қажеттігі пісіп-жетілді.

Негізгі баяндама бойынша Қостанай облысының кәметке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрайымы К.С. Шармұхаметова сөз сөйледі. Өз баяндамасында ол біздің қоғамның маңызды проблемаларының бірі тұрмыстық зорлық-зомбылық екенін атап өтті. Жылдан жылға құқық бұзушылықтар саны төмендемей отыр. Мәселен, 2019 жылы облыс соттары осы санаттағы 5737 істі, 2020 жылдың өткен кезеңінде 4407 істі қарады. Сондай-ақ, ол отбасылық-тұрмыстық салада құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін факторларды, отбасылық-тұрмыстық саладағы қылмыстарға тән белгілерді және оның пікірінше, назар аударылуы қажет бірқатар жағдайларды атап өтті. Жалпы, оның пікірінше, «Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң жобасында, сөз жоқ, бірқатар прогрессивті нормалар бар.

Өз сөзін қорытындылай келе К.С. Шармұхаметова әрбір облыста Отбасы және балалар істері басқармаларын құру қажеттілігі туралы ұсыныс енгізді.

«Жыныстық және репродуктивті денсаулық жөніндегі Қазақстан қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі Қостанай филиалының психологы Н.Б. Косюк ЮНИСЕФ баяндамасынан фактілер келтірді. Сондай-ақ, ол заңнамада «дағдарыс орталықтары» деген ұғымының жоқтығын және бұл мәселені заңнамалық тұрғыдан реттеу қажеттілігі туындағанын атап өтті.

Өз баяндамасында Қостанай облысы Полиция департаментінің Жергілікті полиция қызметі басқармасы ювеналды полиция тобының аға инспекторы Р.Ж. Керімбаев бірінші кезекте, барлық мүдделі мемлекеттік органдардың практикалық және заңнамалық қызмет салаларында күш-жігерін талап ететін проблемалық мәселелерді атап өтті.

Отырыс барысында Қостанай облыстық мәслихатының депутаты, облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиясының төрайымы Т.Б. Булгаевич, білім басқармасының басшысы З.Ә. Байменова және азаматтық белсенділер Д.М. Мамедов, И.Ю. Фогель, Ж.Ж. Абдрахманова аталған Заң жобасы бойынша өз пікірлерін білдірді.

Отырыс қорытындысы бойынша осы Заң жобасы бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін уәкілетті мемлекеттік органдардан, заңгер-сарапшылардан және жұртшылық өкілдерінен құралған Жұмыс тобын құру туралы шешім қабылданды, ол ұсыныстар Қазақстан Республикасының Парламентіне жіберіледі.



## Банкрот басы – барымта

«Мал ашуы – жан ашуы» дейді қазақ. Күнкөрісінің өзегіне айналған төрт түлік малын белгісіз біреулер айдап кетсе, кім ашуланбасын?! Қаншама зая еңбек пен уақыт, қарайған шығын мен қағылған табыс емес пе бұл? Соңғы 5 жылда мал ұрлығы азайып келеді. Бірақ оларды ашу мен иелеріне шығынын қайтаруда түйткілді мәселелер әлі де шешімін таппай тұр. Бұл проблема таяуда Парламент Сенатының деңгейінде көтерілген болатын.

### Қайтқан малда қайыр бар

Қараша айының 14-нен 15-іне қараған түні Павлодар облысы Ольгинка ауылындағы «Рыжов» шаруа қожалығының 24 бас жылқысы өрісте жүрген жерінен жоғалып кетеді. Иелері бірден мал ұрлығы бойынша полицияға хабарласады. Учаскелік инспектор, капитан Дәулет Балғин мен оның көмекшісі, аға лейтенант Руслан Мұсаділов дереу тергеу-іздігіру жұмыстарын жүргізіп, 5 күн дегенде бір үйір жылқыны Аққулы ауданының аумағынан тауып, иесіне қайтарады. Қожалық иесі Владимир Рыжовтың қуанышында шек жоқ. 2006 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан бұл шаруашылық тек қана ірі қара малмен ет өндірісі бағытында кәсіп етеді. Бүгінгі таңда мұнда 357 жылқы, 136 сиыр бар.

«Мүйізді ірі қара – қазақтың ақбас сиырлары. Оларды бақташы бағады. Ал жылқылардың қасында күн-түн демей өзім жүремін. Ешкімге сенбеймін. Сол күні боран болды да, бір үйірді біреулер айдап кеткенін байқадым. Бірден полицияға хабарластым. Жігіттерге рақмет. Үлкен көмек көрсетті. Жылқылардың ізіне түсіп, ауылдарды, қораларды аралап сұрау салды. Содан сескенді ме, ұрылар жылқыларымды қайтадан жібере салыпты. Қылмыскерлер табылды ма, білмеймін, бірақ жылқыларым табылмағанда 8 миллион теңгедей шығынға бататын едім», – дейді Владимир Васильевич.

### Ұрлық азайды, жаза қатайды

Статистикаға жүгінсек, соңғы 5 жылда мал ұрлығы 42 пайызға азайған екен. 2015 жылы 8 004 дерек анықталған болса, 2019 жылы 4 709 қылмыстық іс тіркелген. Соған сәйкес ұрланған мал саны да 25 мыңнан 16 мыңға, 38 пайызға кем. Биыл 10 айда да бұл динамика жалғасып келе жатыр. Былтырғы осындай кезеңмен салыстырғанда деректер саны 41 пайызға, яғни 3 789-дан 2 248-ге және мал басы, ширегіне дейін 11 276-дан 8 888-ге кеміген. Биылғы көрсеткіштерге пандемияға байланысты енгізілген карантин шараларының үлкен әсері болғаны анық.

«Жыл басынан бері 1024 мал ұрысы қолға түссе, оның 145-і топ болып әрекет еткендер. Мәселен, Түркістан облысы ПД қызметкерлері үш адамнан тұратын топты құрықтады. Олардың Кентау ауданындағы 19 мал ұрлығы дерегіне қатысы бар екені анықталды. Ал БҚО-да сәуір айында ағайынды Ешовтар ұсталды. Олар 52 рет ұрлыққа шығып, бас-аяғы 170 малды айдап кеткен», – дейді ІІМ Криминалдық полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі



Думан Таев.

Полиция қызметкерлері мал көбіне өрісте жайылып жүрген жерінен ұрланатынын айтады. Айлап, апталап қараусыз жүретін мал ұрылардың оңай олжасына айналады екен. Биылғы 2 248 деректің 1 529-ы, яғни 60 пайызы далалық жерде тіркелген. Ал қылмыс саны бойынша Алматы (408) мен Түркістан (214) облысы көш бастап тұр.

### 1 миллиард шығын – 17 пайыз өтем

Таяуда Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінде Владимир Волковтың төрағалық етуімен өткен отырыста еліміздің шекаралас аймақтарында мал ұрлығының алдын алу мәселесі талқыланды. Отырысқа Ішкі істер, Ауыл шаруашылығы министрліктерінің, Бас прокуратураның, Қазақстан фермерлер қауымдастығының және шекара маңындағы өңірлердің жергілікті атқарушы органдарының өкілдері қатысты.

Сенаторлардың айтуынша, мал иесінің қараусыз қалдырғанын сылтау етіп, полиция қызметкерлерінің арыздарды тіркеуден бас тарту дерегі де кездеседі екен. Сөйтіп, қылмысты жасырудың теріс тәжірибесі жалғасып келеді. Мәселен, жыл басынан бері прокурорлар мал ұрлығы бойынша 18 жасырын қылмысты анықтап, қайтадан сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізіліміне қосқан.

«Ішкі істер органдарының мүлкітік қылмыстарды ашу бойынша жедел жұмыстарының әлсіздігіне байланысты мал ұрлығының ашылуы төмен деңгейде қалып отыр. Полиция бөлімшелерінің өзара тиісті қарым-қатынастарының болмауы, әсіресе тергеудің бастапқы кезеңінде бір-бірімен хабар алмаспауы қылмыстың ашылмауына әкеліп соғуда. Қылмыстық құдалау органдарының мал ұрлығын жою жөніндегі қызметінің тағы бір кемшілігі – қылмыстың ұйымдасқан түрімен күрестің мардымсыздығы. Шекара маңындағы өңірлерде жасалған мал ұрлығы, оларды шектес мемлекеттерге айдап өкету үлкен проблема болып отыр», – дейді Сенат депутаты Нұрлан Бекназаров.

### Ветеринарлар ұрлықшымен сыбайлас па?

Шекара маңындағы аумақтарда

мал ұрлығымен тиімді күресу үшін жергілікті атқарушы органдардың, полицияның және шекара қызметінің, оның ішінде екі шекаралас мемлекет тараптарының дұрыс жолға қойылған өзара іс-қимылы талап етіледі. Алайда мал ұрлығының алдын алу үшін бұл шаралар да жеткіліксіз. Сенаторлар кешенді ықпал ету шараларын қабылдау қажеттігін, әсіресе шекара, кеден, ветеринарлық қадағалау қызметінде жұмысты күшейту, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды қолға алу керек екенін айтады.

«Жедел-профилактикалық іс-шаралар ұрланған малдың өңірден өңірге, сондай-ақ елден тыс жерлерге ауыр жүк көліктерімен ілеспе құжаттарсыз немесе қатаң есептілік құжаттары болып табылмайтын жалған ветеринарлық анықтамалар бойынша тасымалданатынын көрсетті. Мал дәрігерлерінің жалған анықтамаларды беру практикасы мал ұрлығына қолайлы фактор болып отыр. Олардың заңсыз сыйақы үшін күмәнді ет өнімдерін сатуға рұқсат беретінін жоққа шығаруға болмайды», – дейді Нұрлан Құдиярұлы.


Қазіргі кезде мал ұрлығының жасалуына ықпал ететін басты проблемалық мәселенің бірі – малдың ұзақ уақыт иелерінің қараусыз, бақылаусыз жайылуы. Осы орайда, жергілікті атқарушы органдар ауылдық жерлерде қоғамдық мал жаю мәселесін тиісті түрде шешпейді. Өз кезегінде меншік иелері малдың сақталуын қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қабылдамайды.

«Мал ұрлығын жасауға ықпал ететін себептің тағы бірі – иелерінің мал басын тиісті түрде есепке алмауы. Сырғалап, таңбалап, чиптап инвентаризация жүргізбейді. Бұл табылған малдың (ұрланған, алынған, қараусыз қалған және т.б.) иесін дәл анықтауда қиындық тудырады. Оның үстіне шалғай ауылдарда интернет байланысының төмендігі немесе тіпті болмауына байланысты малды электронды түрде есепке алып, оларды анықтау да қиынға соғуда. Сол себепті малды сатып алу және сату процесін олардың бір өңірден келесі өңірге тасымалдау барысын бақылау мүмкін емес болып отыр», – дейді Сенат депутаты Нұрлан Бекназаров.

**Нұрлан ҚОСАЙ**  
«Айқын ақпарат»  
(25.11.2020 ж.)

## Менің Отаным – Қазақстан!

1 желтоқсан күні еліміз Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнін кеңінен атап өтті.



Тұңғыш Президент күні - барлық қазақстандықтар үшін тарихи күн. Дәл осы күні Қазақстанда тұңғыш рет президенттік сайлау өтіп, еліміздің барлық азаматы тарихи шешім қабылдап, бірліктің үлгісін паш етті.



Сонымен, Тұңғыш Президент күнін мерекелеуге орайластыра ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы өз қызметкерлерінің балалары арасында «Менің Отаным – Қазақстан!» атты шығармашылық онлайн байқауын өткізді.

Алғашқы күнінен-ақ, идеологиялық жұмыс бөлімшесіне болашақ Отан қорғаушыларымыздан, жас талант иелерінен, біздің оқу орнының қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан ата-аналардың балаларынан шығармашылық жұмыстар түсе бастады.

Әрбір жұмыс өз алдына ерекше, сайыстың аты сайыс болғандықтан, қазылар алқасына таңдау жасауға тура келді.

Жүзден жүйрік атанған Айымжан Мұхтабаева І орынды жеңіп алса, ІІ орын Гүлсұлу Жұматовға, ал ІІІ орын Оразхан Ермұхамедке бұйырды.

Біз Академия басшылығының атынан барлық қатысушыларға алғысымызды білдіреміз.

**ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев**  
атындағы Қостанай академиясының  
идеологиялық жұмыс бөлімшесі

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru